

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия
«Күзгі каникул күндеріне арналған іс-шаралардың анықтамасы»

27.10.2025ж «Демалыста кітап оқимыз», «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде “Балалар кітапханасы» жобасы бойынша Күзгі демалыста бос уақыттарын тиымды өткізу үшін «Кітап оқу сәнді» жарнама байқауын жариялаған болатынбыз. Осы байқауға 5 «З» сынып оқушылары Зиядин Еркемай және Пайзулла Раяна белсене атсалысып, өздерінің оқыған кітаптарын құрбыластарына оқуға шақыруда. Кітап – білімнің, тәрбие мен рухани байлықтың көзі. Балаға кітап оқуды үйрету – оның ой-санасын ояту, қиялын ұштау, дүниетанымын кеңейту деген сөз. Кітап арқылы бала өз болашағын бағдарлап, армандарына сеніммен қадам басады.



<https://www.instagram.com/p/DQZjDaljVpR/?igsh=a2F6cTl5YXRmcmdz>

67-гимназияның жас жол инспекторлары «Жолда қауіпсіз жүр!» атты акция аясында оқушылар мен ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың жолда жүру мәдениетін қалыптастыру, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру болды.

Жас инспекторлар жол белгілерінің мәнін түсіндіріп, жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалысы, бағдаршамның түстерін дұрыс пайдалану жөнінде кеңестер берді. Сонымен қатар, олар үлестірме парақшалар таратып, мектеп аумағында және көшелерде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін еске салды.

Бұл іс-шара оқушылардың жауапкершілігін арттырып, жолда қауіпсіздік сақтауға деген көзқарасын нығайтуға ықпал етті.



<https://www.instagram.com/reel/DQWJIYyDbMQ/?igsh=cGFweTF1cGd6Y2ln>

28.10.2025 6 - 5сыныптар бойынша Буллинг және бопсалаудың салдары жайында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Мақсаты:

Жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру. Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу. Компьютерге тәуелділік туралы кеңестер беру.

Міндеті:

1.Оқушыларды психологиялық сауаттандыру, ескерту.

2.Буллинг және бопсалаудың салдары жайында түсіндірме жұмысы.

- Буллинг дегеніміз не?
- Буллинктің салдары?
- Оның алдын алу жолдары бар ма?

Буллинктің түрлері мен зардабы туралы қысқаша мәлімет беру, жағдаяттарды мысалға келтіру және шешімін табу жұмысы.

Проблема туындаған жағдайда, оны шешудің амалдарын табуға тырысыңыз.

Одан сіздің қандай көмегіңіз қажет екенін, бұл жағдайда тағы кім көмектесе алатынын сұрап біліңіз.

Балалардың психикасы өте нәзік, жаралы болып келетіндіктен кішкентай нәрсенің өзін ауқымды проблема ретінде қабылдайды. Сондықтан оларға қашанда ата-ананың, мұғалімнің түсіністігі мен арнайы маманның көмегі қажет.

Компьютерге тәуелділік туралы кеңестер беру.

Қорытынды: Топта достық бірлік туралы сынып сағаттарын жиі өткізу керек. Жаңадан келген оқушылармен ортаға бейімделулеріне жұмыс қажет.



Мектеп психологі: Қабенова М.С

«Адал сахна» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 5-сынып оқушылары арасында шығармашылық бағыттағы іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар өз ойларынан ертегі құрастырып, сол ертегі желісі бойынша қуыршақ театры сахнасында шағын қойылым ұсынды.

Қойылым барысында оқушылар адалдық, мейірімділік, достық, еңбексүйгіштік сияқты адамгершілік құндылықтарды дәріптеді. Бұл жұмыс олардың қиялдау, сахнада өзін еркін ұстау, топпен бірлесе әрекет ету және сөйлеу мәдениетін дамытуына ықпал етті.

Іс-шараның мақсаты — оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, театр өнері арқылы адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу және адалдық қағидаттарын бойларына сіңіру болды.



Үйірме

жетекшісі: Қожан

Гүлназ

Жұматайқызы

<https://www.instagram.com/reel/DQdxDYLDY5y/?igsh=Zng2NGNxbjZjdjFn>